



Academia Lab

«Шекарасыз тәрбие: Әлемдегі бала тәрбиелеу құпиялары»

Автор: Кристин Гросс-Ло

Сипаттама: «Шекарасыз тәрбие» атты еңбек екі түрлі мәдениетке бейімделуге тырысқан жеке тәжірибесінен шығады. Онда ол Жапония, Швеция, Қытай, Финляндия және Франция секілді елдердің бала тәрбиелеу мен оқытуда озық тәжірибелерін жинақтауға тырысады, сондай-ақ әр көзқарастың негізін түсіндіреді.

≡ **Өзектілігі**

≡ **Негізгі идеялар**

≡ **Қысқаша мазмұны**

≡ **Автор жайында**

Өзектілігі



Кітаптың қысқаша мазмұнынан білетіндеріңіз:

- Басқа елдерде балаларды тәрбиелеудің дұрыс стратегиясы бар ма?
- Шығыс елдеріндегі төзімділік, сабырлық пен еңбекқорлықтың құпиясы неде?
- Америкалық тәрбиелеу жолдарының мықты және әлсіз тұстары қандай?
- Жоғары академиялық көрсеткіштер көрсететін финдік балаларды оқыту ерекшеліктері неде?

Негізгі идеялар



Кітапта қамтылатын идеялар:

- Бірге ұйықтау балалардың тәуелсіздігіне ықпал етуі мүмкін;
- Өз-өзін құрметтеу ұстанымы баланың әлеуетін шектеуі мүмкін;
- Францияның екі сағаттық, жаңа, көп салалы мектептегі ланчты модельдеу әдістерін қолданудың қиындықтарын анықтайды;
- Жапонияның бірінші сынып оқушылары өзін-өзі қамтамасыз ету және пікірді дамыту құралы ретінде отбасылық міндеттерді атқаратындығын біледі;
- Финляндияның әрбір студентке арналған сапалы білім беру жоспары жоғары білікті оқытушылар және кәсіби мамандармен дайындалатындығын анықтайды.

Қысқаша мазмұны



1

Кіріспе

Біз осы күні балаларымызды дұрыс тәрбиелей алып жатырмыз ба? Екі қыз бен екі ұлдың анасы, тәрбие саласының білікті маманы – Кристина Гросс-Лоның пікірінше, бала тәрбиесі ұлт таңдамайды. Оның әлеуметтік тәрбие саласында жазылған «Шекарасыз тәрбие» атты еңбегінде автор бала бойындағы мәдени мінез-құлықтың әдет-дағдыларын қалыптастырудың әлемдегі озық үлгілері туралы әңгімелейді.

Ол оқырманды өзімен бірге Финляндияға, Францияға, Германияға, АҚШ-қа, Жапония мен Қытайға ертіп апарып, әр елдің ғасырлар бойғы қалыптасқан дәстүрі мен ұлттық ерекшелігіне негізделген тәрбиелеу амалдарын терең зерттейді.

Баланың тұлға болып қалыптасуына адами қарым-қатынастар жүйесі мен мәдени орта ықпалының зор екендігін алға тарта отырып, объективті, жан-жақты ғылыми дәлелденген жаңа әдістеме ұсынады.

2

Ұйқы, ойыншықтар және тамақтану

Баланы бөлек ұйықтату дұрыс па?

Бала дамуы үшін уақытылы ұйықтау басты талаптардың бірі. Осы ретте бала жеке ұйықтағаны дұрыс па, әлде анасының қасында жатуы тиіс пе деген сауал өте өзекті. Мәселен, америкалықтардың басым көпшілігі баланың жеке ұйықтағанын дұрыс санайды. Олардың ойынша, терең ұйқы мен күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру – балаға ең қажеті дүние. Тіпті сәби 3-4 апталық болса да кішкентайынан жеке ұйықтауға үйретеді, бұл баланың ерте жастан дербес тұлға ретінде даралануына септігін тигізеді. Сонымен бірге бала бөлмесін қажетті жиһазбен толық жабдықтау да жақсы ата-ананың негізгі міндетіне кіреді.

Ал әлемнің өзге елдерінде баланың анасының қойынында, я аға-әпкелерімен бірге ұйықтағанын теріске шығармайды. 136 мемлекетте жүргізілген зерттеуге қатысушылардың үштен екісі ана мен баланың бірге ұйықтағанын қалыпты деп таныса, қалған респонденттер баланың жақын туыстарымен бірге ұйықтауы үйреншікті жағдай деп атаған. Зерттеулерге сүйенсек, жалғыз ұйықтаған бала түнде жиі оянабайтын көрінеді. Баланың жылағанына қарамастан, түнде бөлек жатқызғанды құптайтын америкалықтар мұны ертерек білген сияқты.

Ана мен бала ұйқысын зерттеу лабораториясының директоры, антрополог Д.Маккенна түнде анасының қасында жататын балалардың ұйқысы синхронды келетінін айтады. Яғни ана мен бала бір уақытта ұйықтап, бірдей оянады. Қасында жатқан бөпесі түнде оянып кетсе, тез жұбата алады. Өзге бөлмеде ұйықтап жатқан бала үшін түнде бірнеше рет оянып, төсектен тұрып, келесі бөлмеге бару әлдеқайда қиынырақ. Әйтсе де түнде қалғып кеткен ананың емізіп отырған баласын абайсызда тұншықтырып алуы, болмаса сәби көрпе астында басылып қалып дем жетпей қалуы сияқты оқыс жағдайлар жиі кездесіп жатады.

Мысалы жапондарда балаға жеке бөлме, жеке төсекке жатқызу мүмкіндігі бар болса да, олар балаларымен бірге ұйықтайды. Жапон аналары балаға жеке кеңістік қажет дегенді мүлде ойламайды. Керісінше, олар баланы ұзақ уақытқа жалғыз қалдырғанды жөн көрмейді. Оларша

жақсы ата-ана болу – бала қажеттіліктерін жыламай тұрып ымынан түсініп, жылдам жауап қайтару. Жалпы, жапон ата-аналары күн тәртібі жайлы қатты абыржымайды. Есесіне, ешкім ұйқым қанбады деп арызданған емес. Оларда бұл мәселе тіпті жоқ тәрізді.

Баланың айтқанын екі етпеу

«Балалар ең жақсы дүниеге лайық» деген ұстаныммен өмір сүретін америкалық ата-аналар уақыт өте келе күтпеген жайтқа тап болды. Бойға бала біте салысымен-ақ әке-шешесі авто орындық, ойыншықтар, төсек пен арба, киім-кешек және өзге де түрлі заттарды сатып алып қояды. Ал шынтуайтында олар компаниялардың өндірген заттарын барынша өткізуге атсалысып жатқанын түсінбейді. АҚШ-та мектептерден гөрі көздің жауын алар сауда орталықтары көп. Осыдан да болар жасөспірім қыздардың 93 пайызы киім-кешек алу үшін сауда орындарын аралап уақыт өткізгенді сүйікті ісі ретінде атаған. Бұл тұрғыда профессор, әлеуметтанушы Жулия Скор шопингтің баланың психикалық дамуына зиян екенін ескертеді. Материалдық құндылықтарға тәуелділік ерте жыныстық есеюге, семіздікке, қатыгездікке, асқорыту жұмысының бұзылуына әкеліп, соңы түрлі құмарлыққа ұласуы мүмкін.

Жапондар азға қанағат етеді

Жапон ата-аналары балаларға тым көп зат алуды, олардың әр еркелігіне құлақ аса беруді дұрыс емес деп біледі. Жапондар өте үнемшіл халық, балаларын да «қанағат қарын тойғызар» қағидасымен тәрбиелейді. Олардың ойынша, баланы ұқыптылық пен қарапайымдылыққа ерте бастан үйреткен дұрыс. Мысалы, баланың ойнайтын ойыншығы аз болған сайын, сындырып немесе жоғалтып алмас үшін ойыншықтың қадірін түсіне бастайды. Дәл сол сияқты мектепке барарда алынған былғары сөмкені бастауыш сыныпты бітіргенше ұстауы мүмкін. Мұндай қарапайымдылық баланың тыныш әрі салмақты болуына әсер етеді.

Француз амалы: сыйлықты созып, кешіктіріп беру

Француздар балаларды мейрамханада тамақты сабырмен тосуға, сыйлықты күтуге үйретеді. Тіпті әдейілеп түрлі сылтаулармен қалаған заттарын кешіктіріп береді. Осылай баланы шыдамдылыққа, сол затты алғандағы қуанышты сезінуге және барды бағалай білуге баулиды.

Балаға бақыт әкелу үшін бір парақтың өзі жеткілікті. Сурет салуға, қағаздан тырна жасауға, дөңгелетіп дүрбі істеуге болады, бастысы бала қиялы шарықтай түседі. Демек, бала белгілі бір материалдық заттарға қол жеткізе алмағаннан жаман болмайды. Есесіне қиял, тапқырлық, қадірлеу, бағалай білу сияқты өмір бойы жетелеп жүретін қасиеттерге ие болмақ.

Үстелге жайғасайық

Бала жасының әр кезеңіндегі тамақтануы айрықша талаптармен сипатталады, осы талаптарды ескеру арқылы баланың ақыл-ойы мен денесінің қалыпты дамуына, өмірлік әлеуетін арттыруға ықпал етуге болады. Ал балаларды дұрыс тамақтануға үйрету – оңай шаруа емес, сабырлы болу мен шыдамдылықты, қиялды талап етеді. Бұл үшін ата-аналарға қоғамның көмегі сөзсіз қажет әрі дұрыс тамақтануды мектеп бағдарламасына енгізген жөн.

Ұлыбританияда 4 мың бала қатысқан зерттеуде мәлім болғандай, 3 жасынан бастап майлы, тәтті және жартылай дайын тағамдарды жеп өскен балалар сегіз жасқа толғанда өз қатарластарынан зияткерлік қабілеті төмен болған. Соңғы жылдары зиянды тамақты мөлшерден тыс пайдаланудан семіздікке шалдыққан балалардың да қатары артқан.

Әр елдегі тамақтану тәртібі туралы сөз қозғар болсақ, жапон халқының тамақтану мәдениетін қалыптастыруда бірнеше қызық тәсілдері бар. Күншығыс елінің балалары үлкендер не жесе соны жеп үйренген, ал олардың тамағы көбіне балықтан, көкөніс пен жемістерден тұрады. Сонымен қатар, жапондарда тәтті тағамдарға тыйым жоқ. Тамақтану рәсімінің әсемдігі мен түстердің

үйлесімділігі баланың тамаққа деген қызығушылығын оятары сөзсіз. Жапондарда берілген тамақты тауысып жеп қою бұлжымас әдет, осы үшін де әдетте тамақ үлесін аз салып береді.

Сондай-ақ, ақыл-ой және дене еңбегін басшылыққа ала отырып, балаларды жастайынан еңбекке баулу мақсатында жапондар балабақшаларына шағын бау-бақша жасап қояды. Бастауыш сынып оқушылары түрлі көкөністерді өздері күтіп, баптаса, жоғарғы сыныптарда тамақ пісіріп үйренеді. Еңбек іс-әрекеті барысында оқушылар тек тапсырманы орындап қоймай, өз бетімен ұйымдастыруға дағдыланады.

Шведтерде де тамақтану рәсіміне зор құрметпен қарайды. Тату үйдің тамағы тәтті демекші, барлығы отырмай бастамайды және барлығы ас ішіп бітпей тұрмайды. Сенбі сайын балаларға тәтті алып жеуге қолдарына азын-аулақ ақша ұстатып, кондитер дүкендеріне жіберіп тұрады. Бұл әлдеқашан шведтердің айнымас дәстүріне айналған. Сонымен қатар, Кореяда, Францияда және Италияда дұрыс тамақтануға аса мән береді әрі тамақты сүйсініп, тұшынып жеуді басты орынға қояды.

Тұлғаны тәрбиелеу

Баланың тұлғалық дамуы бір-бірімен тығыз байланысқан психологиялық, биологиялық және әлеуметтік үш бағыт бойынша жүреді. Бүгінгі аналар сенімді әрі табысты тұлға қалыптастырудың кілті баланың өзіне деген сүйіспеншілігінде деп сенеді. Өзін үнемі жоғары бағалайтын адамдар көшбасшы болудан қорықпайды, әрдайым жаңа жобалар ұсынуға бейім, өздерінің келіспеген тұсын қорықпай айта алады. Алайда өзін тым асыра бағалау эгоцентризмге де (өзімшілдікке) әкелуі әбден мүмкін.

Зерттеулер көрсеткендей, баланы әрбір әрекеті үшін үнемі мақтай беру арқылы біз олардың бойына сәтсіздіктен қорқуды тез ұялатамыз.

Өзін бағалау мен өзін қабылдау мақтауға тәуелді болған жағдайда балалар тез жеңіле салғыш, қажырсыз және ішкі ынтасы аз болады.

Сонымен бірге, балаларына дауыс көтермей, еркелетіп өсіріп қана қоймай, орнымен қатаң шектеу де көрсете білетін отбасылардан өзіне сенімді тұлғалар шығады. Жеткіншектердің өзін-өзі бағалауын дамыту саласында ізденіп жүрген ғалым Р. Болистер өзіндік бағалау үшін алдымен өзін-өзі тануға үйрету қажет дейді. Оның айтуынша, тұлғалық дамудың алғашқы кезеңінде бала өзіне басқа адамдар тарапынан қарауға бейім келеді. Біртіндеп ол өзіндік тұлғасын дербес талдауға және бағалауға ұмтылады. Бала бойындағы ұстамдылық пен тәртіп оның жақсы адам, қадірлі қоғам мүшесі атануы мен мақсатшыл болуына әсер етеді.

Ал Тайваньда ұрпақ тәрбиесіндегі рухани-адамгершілік мәселелеріне баса назар аударылады. Олардың табиғатпен етене жақын болуын қадағалап, өзін тануына мүмкіндік береді. Жапония мен Швецияда қарапайымдылық пен кішіпейілділік сынды ізгі қасиеттер әрдайым жоғары бағаланады. Сонымен қатар, өздерінің шынайы күшін әділ бағалауға, кемшілікпен жұмыс істеуге тәрбиелейді. Германияда да балаларға сыни пікір айту, әділ бағасын беру, тіпті кері әсер етсе де, дұрыс деп саналады.

Жапондар талпына отырып қиындықты жеңу адамның жігерлі болуына көмектеседі дейді. Мұнда маңыздысы жеңіс пен баға емес (Америкадағыдай), қиын сәттерде ерік-жігерімен алға ұмытылуға деген дайындықта. Өзгемен жарысуға емес, өзін жақсартуға жұмыс істеу үлкен жеңіске әкеледі. Өз қателіктерін мойындаудан қорықпайды. Бұл елде балаға қаталдық таныту – ертеңгі болашағына алаң болу, ынталандыруды білдіреді.

Өзінің жеке басының қажеттіліктері мен армандарының орындалуын өзгеге жанашыр болудан, көмек беруден және еңбекқорлықтан жоғары деп сендіріп, біз оларды бақытсыздыққа әкелеміз. Бізді бақытты ететін дүние – айналамыздағы жандармен тату қарым-қатынаста. Ал кішкентайынан бар назарды талап еткен, өзгелерден өзін жоғары қоятын адамдар кейін қарым-қатынас барысында қиналып жатады.

Америкада дарын жоғары бағаланса, Жапонияда талпыныс пен еңбекқорлықсыз еш сәттілік болмайды дейді. Қайтпас табандылық – табысқа жетудің кілті. Бар ынтасын сала, тынымсыз еңбектенген адам кез-келген салада биікке шығады деген пікір талай жапон баласын жетістікке жетелегені сөзсіз. Балаларымызды қорғаймыз деп біз оларды өмірлік қажет дағдылардан айыратынымызды аңғармаймыз. Олардың орнына мәселені шешу беру арқылы өздеріне сенімділігін жойып қана қоймай, қиыншылықпен күресте қауқарсыз қыламыз.

Америкада балалар арасында жанжал шықса, үлкендер араласып, төбелеске дейін жеткізбеуді дұрыс санаса, Жапонияда балалардың арасына мүлдем түспейді. Бұл оларды қоғаммен етене араласуға, мәселені өз бетінше шеше алуға, өмірге икемді етуге үйретеді. Бала жаратылысы туғаннан мейірімді, таза болатындықтан олардың табиғатына араласпаса, мейірімділігі мен жақсы қасиеттері өз жолымен дамиды.

Делавэр университетінің педагогика профессоры Д.Бер оқушылардан төбелес, өсек және балағаттап мазақ ету турасында не ойлайтындарын сұрағанда америкалық оқушылардың 92 пайызы ата-анасы не мұғалімдері ұстап алса жазалайды деп өздері үшін қорыққан. Ал 90 пайыз жапон балалар, керісінше, жаза туралы айтпаған. Олар ең әуелі өзге достарына немесе топқа зардап келтіруден қорыққан.

Алтын уақыт

Баланың өмір танымында ойын шешуші мәнге ие. Қоршаған ортаны, өмір сүріп отырған айналасындағы заттар мен құбылыстарды ойын арқылы түсініп ұғынады. Баланың таным-түсінігі, іс-әрекеті ойыннан басталып, осы арқылы болашақ өмірінде оқу, еңбек іс-әрекетімен жалғасады. Бір-бірімен ойнау арқылы балалар мүмкіндіктерін біледі, салдардың алдын алады, өнертапқыштық, тосын заңдылықтар орнату секілді қабілеттерін дамытады. Өкінішке қарай, заманауи ата-аналар балаларын ерте жастан түрлі үйірме мен оқыту курстарына қатыстыру арқылы кейбір құнды заттарды ұмытып барады.

Бала дамуының бастапқы кезеңін анықтаушы уақыт деп сеніп, бос өткізіп алғымыз келмейді. Алғашқы үш жыл бала болашағы үшін маңызды деген жаңа пікірді естіген ата-аналар

балаларының уақытын мүмкіндігінше тығыз етіп ұйымдастырып, бос жібермеуге тырысты. Ерте жастан дамыту орталықтарына барған балалардың қиялшыл болмайтыны, бақылау сабақтарында сенімсіз келетіні әрі білімге құлықсыздығы байқалған. Бес жасынан бастап оқып үйренген бала оқуды жеті жастан бастаған балаға қарағанда орфография жағынан қиындықтарға тап болуы мүмкін. Физиологиялық тұрғыдан баланың арнайы оқып үйрену уақыттары белгіленген және оны өз қарқынымен жүргізген пайдалы. Баланы еркін ойнаудан айыру арқылы біз табиғи дамуына кедергі келтіреміз.

Оқуға ойын қалай ықпал етеді?

Белсенді демалысты қамтитын күн тәртібі жалпы нәтижеге оң ықпалы бар. Сабақ арасындағы үзіліс жақсы әсер еткеннен бөлек, білім мен тәжірибенің қайнар көзі деуге болады.

Балалық шағын алаңсыз ойынмен өткізген балалар математикада, жалпы оқу барысында жақсы көрсеткіштерге жеткен, жаңа ортаны жатсынбай оңай үйреніскен. Сонымен бірге оқуға деген ынтасымен, шығармашыл ойларымен дараланған.

Жапон балабақшасында балаларды құммен ұзақ уақыт ойнатып қойғанда, кей аналар баламды жазып-сызуға, оқуға үйретпедіңдер деп әкеткен емес. Бала құммен, не басқа да табиғи заттармен ойнап, ұстап, шығып көрмей шынайы өмірмен және өзімен таныса алмайды. Балалар жасаған заттары бұзылып қалғанда өкініш, ашу, ыза сияқты сезімдермен күресіп үйренеді; Кез-келген бала қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайтындықтан, бала ойынында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мазмұндық-рөлдік ойындардың баланың зейінін, есін, ойлауын, қиялын жүйелі қалыптастыруда маңызы зор. Мысалы, қазіргі уақытта Германияда «орман мектептері» үдерісі кең таралған. Балалар орманда ағаштарды, өсімдіктерді зерттейді; құрт-құмырсқамен ойнайды; жүгіреді. Ал үлкендер тек сырттан бақылап қана қояды.

Білім асуында

Батыс пен Шығыс елдері білімге деген әртүрлі ұстанымдарымен ерекшеленеді. Батыс елдері баланың шығармашылығын, еркіндігін, ерекше шешімдер жасауын алға тартса, шығыс елдері қайсарлық пен еңбекқорлықты, талапшылдық пен тәртіпті өте маңызды деп біледі. Алайда, екі жүйенің де кем тұстары баршылық. Бүгінде әлемдегі ең білімді халық санатындағы финляндиялықтар педагогикалық және экономикалық мақсатта англо-америкалық елдерге мүлде ұқсамайтын басқа жолды көрсете білді.

Фин тағылымы. Сапалы әрі жоғары білімнің құпиялары:

Бірінші құпия: білікті мамандар. Бұл елде мұғалім мәртебелі мамандық саналады. Әсіресе мұғалімдердің шығармашылық белсенділігіне ерік берілген. Оқытушы болып жұмысқа тұру оңай шаруа емес. Үздік магистрлік диплом да еш кепілдік бермейді. Олар емтихан тапсырады, арнайы әңгімелесуден өтеді. Ең алдымен өздерінің тұлғалық қасиеттерін, адалдығын, тез тіл табыса алатынын және балаларға деген кіршіксіз махаббатын көрсетуі қажет.

Екінші құпия: түрлендіру. Фин мектептерінде үй шаруашылығы сабақтары өте әйгілі. Балалар пәндік сабақтардан кейін тамақ пісіру, үй жинау, үтіктеу, тігін, бау-бақша жұмысы, кір жуу секілді тұрмыста қажетті жұмыстарды атқара отырып есейеді. Осы арқылы ерте бастан дербес тұлға болып, құрбы-құрдастарымен оңай араласып кете алады.

Үшінші құпия: жауапкершілік пен еркіндік. Үлкендер балаларының өздері сияқты шынайы болғанын құп көреді. Осылайша балаларға еркіндік беру арқылы әлеуметтік жауапкершілік дағдыларына үйретеді. Ал жауапкершілік тұлғаның ішкі мінез-құлқын реттеп, тұлғаның даму үдерісінде өз іс-әрекетін саналы түрде атқаруына әкелді.

Білім беру ісін жаңғыртудың финляндиялық үлгісі елде жоғарғы білім беру түгелдей тегін қамтылған. Оқушыларға бүкіл елдегі мектептердің біркелкі білім беру деңгейіне жетуге

мүмкіндік жасап қойған, яғни білім беру жүйесі аймақтарда бірдей дамиды. Дәл осы себепті ата-ана мен бала арасында болашақ үшін қысым, абыржу мен қорқыныш, «үнемі алда болу» психологиясы болмайды. Сәйкесінше, балалар алаңдамай әлеммен танысып, табиғат пен адамдарға қайырымды қарауды үйренеді. Есте сақтаңыздар, мұның барлығын дүниетаным негізінде қалыптасқан өзіндік көзқараспен іске асырады. Ал білім алу үшін бұл – ең маңызды фактор.

Қорытынды

Бүкіл ел болып атсалысайық!

Қорыта келгенде, автор бүкіл әлемді тұтас ел іспетті көреді. Балалардың бақытты болуы үшін тек ата-ананың талпынысы жеткіліксіз екендігін айта келе, төрткүл дүниенің төртбұрышындағы барлық қоғам институттарын бірігіп атсалысуға шақырады.

Тәрбие дегеніміз – аға буынның кейінгі ұрпаққа мирас етіп табыстар озық тәжірибесі, үлгі-өнегесі, әдет-ғұрпы. Өйткені бала бойына уақытында сіңірілген жауапкершілік пен құштарлық оның келешегін анықтайды. Мұнымен салыстырғанда, мектепалды даярлық пен қосымша сабақтар анағұрлым маңызды емес. Керісінше екеуінің қосындысы баланың өмірге деген белсенді ұстанымын бірте-бірте қалыптастырады.

Ендеше әлем аясы кеңі түсіп, шекаралардың ашықтығынан түрлі елдегі ата-аналар тәрбиенің озық үлгісін бір-бірінен үйрене алады. Себебі өмірге құштар, өз бетімен шешім қабылдай алатын еркін рухты, әділетсіздікке жан-тәнімен қарсы ұрпақ тәрбиелей алсақ, ұтылмаймыз.

Балалар күн санап өсіп, сәт сайын өзіміз де өзгеріп жатырмыз. Алайда ер жетіп, бой жетіп келе жатқан балалар әлі де ата-ана махаббаты мен сенімді қарым-қатынасқа мұқтаж. Біздің міндет – оларды қолдау, дер кезінде қажетті дағдыларды үйрету және сенімді тірегіне айналу. Сонда ғана бала болашағы жарқын, келешегі кемел болмақ!

Автор жайында



Кристин Гросс-Ло Брин-Мавр колледжінің түлегі және Шығыс Азия тарихынан Гарвард университетінің PhD докторы, журналист және жазушы. Ол тарих, білім беру, философия және жаһандық ата-аналар туралы жазады. Wall Street Journal, Atlantic, Guardian және Vox-та мақалалары жарияланған. The Path: What Chinese Philosophers Can Teach Us About the Good Life кітабының авторы, 25-тен астам елде жарияланып жатқан, соның ішінде АҚШ-та (Simon & Schuster) және Ұлыбританияда (Viking), Нью-Йорк Таймстың және халықаралық бестселлер.

Кристин Гросс-Ло Америкада Кореяның көшіп келген отбасында өскен. Ол еврей-американдыққа тұрмысқа шыққан және олар АҚШ-қа оралғанға дейін бес жыл бойы Токиода балаларын тәрбиелеуге кіріседі, түрлі елдерге саяхаттап, тәрбиелеу мен оқытуда ерекшеліктерді анықтайды.